

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Маркетингтік талдау салыстырмалы түрде жақында пайда болды және маркетингтік зерттеулер жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл талдау тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығына қатысты мәселелер бойынша деректерді жинау, тіркеу, өңдеу және талдау, сондай-ақ табысты және дұрыс қабылдау үшін статистикалық, эконометрикалық және басқа да тиімді зерттеу әдістері арқылы тауар нарығының құбылыстарын және кәсіпорынның өзіндік инновациялық және сауда қызметін бағалауды, процестерді болжауды, түсіндіруді, модельдеуді қамтиды.

Бесіншіден, әлеуметтік-экономикалық талдаудың өсуін қарастырайық. Әлеуметтік-экономикалық талдаудың негізгі мақсаты әлеуметтік-экономикалық өсуді жеделдетудің қажетті резервтерін анықтау және әлеуметтік саланы басқарудың экономикалық тиімділігін арттыруға көмектесу болып саналады. Бұл мақсатқа жету үшін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық талдаудың тиімді әдістері керек. Сондай-ақ олардың көмегімен функционалдық-экономикалық, техникалық-экономикалық және экономикалық-экологиялық процестермен өзара байланыстың көрінісі табылуы керек.

Алтыншыдан, экономикалық талдаудың салалар бойынша саралауды тереңдет керек. Салалық экономикалық талдаудың маңыздылығы өндірістің әртүрлі салаларының ерекшеліктерімен негізделген. Әрі қарай, салалар тобын талдаудан жекелеген салаларды зерттеуге көшу қажет.

Экономика мен саясатта болып жатқан оқиғалар, халықаралық стандарттарға көшу көбінесе экономикалық талдауда ғана емес, сонымен қатар сарапшы мамандарды дайындауда да инновацияларды қажет етеді. Оларды әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде бизнес-құрылымдар мен жоғары оқу орындарының өзара іс қимылы арқылы оқыту кезінде де мамандар санын үнемі арттырып отыру керек[4].

Қорытындылай келе, нарықтық экономиканың серпінділігі экономикалық талдау саласын кеңейтетінін көреміз. Экономикалық өмір көріністерінің, халықаралық саясаттың әлеуметтік-экономикалық саясатының және елдің сәйкестігін әрқашан ескеру керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Утибаев Б.С. Экономический анализ: учебник / Б.С. Утибаев, Г.Б.Утибаева. - Алматы: Лантар Трейд, 2022
2. Экономикалық талдау: тарих және даму перспективалары // Экономикалық талдау тарих және практика. Климова Н.В. 2009. №23
- 3.Аманова Г.Д. Экономикалық талдау: оқу құралы /Г.Д. Аманова, К.Ж. Садуақасова. - Алматы : New book, 2020. - 279.
4. Экономикалық талдау. Қысқа курс / А. А. Сперанский, Е.А.Пахомник. – М.: Окей-книга, 2016. – 192 б.
УДК 336.01

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

Дүйсенова Раушан Балтақызы

raushan.baltakzy@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат.Еуразия ұлттық университетінің Есеп және аудит амандығының

4- курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Садуақасова К.Ж.

Кез-келген ұйымның төлемқабілетті және қаржылық тәуелсіз болуы үшін жұмыстанатын ол ұйымның қаржылық жағдайы туралы мәліметтер. Нарықтық экономика кезеңінде қаржылық жағдайды есепке алудың мәні өте зор болып табылады. Ұйым қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді есепке алу арқылы екінші тұлғалармен, жалпы алғанда ішкі

және сыртқы пайдаланушылардың алдында сенімділікті қалыптастырады және толық жауапкершілікті ала отырып, кәсіпорын дамуына үлес қосады.

Ұйымның қаржылық жағдайын қаржылық есептілік негізінде есепке аламыз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» № 234 Заңының 3 тарауының 14-баптың 2-ші тармағында көрсетілгендей «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу әдістері және тану тәртібі халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленеді.» [3].

Қаржылық жағдай – кәсіпорынның актив және пассив бөлімінен құралған, олардың арақатынасының үнемі айналымға түсуін қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

К.Ш.Дүйсембаев өз көзқарасын былайша көрсетеді: «Қаржылық жағдай – кәсіпорынның шаруашылық қызметін үздіксіз жүзеге асыруы және қарызын уақтылы өтеу үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудегі белгілі бір сәттегі қаржылық тұрақтылығының көрінісі.» [6].

Г.В.Савицкая қаржылық жағдайды кәсіпорынның өз қызметін қаржыландыру мүмкіндігі деп түсінеді. «Ол кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуімен, оларды орналастырудың орындылығымен және пайдалану тиімділігімен, қаржылық қатынастармен, төлем қабілеттілігімен және қаржылық тұрақтылығымен сипатталады» деп көзқарасын білдіреді [5].

Жалпы, ұйымның қаржылық жағдайына анықтама беру үшін тек қана баланста берілген мәліметтерге қарап қорытынды шығаруға болмайды. Ұйымның қаржылық жағдайын білу үшін сан қырлы жағынан талдауды қажет етеді. Демек, осы тұста қаржылық жағдайды қаржылық талдау арқылы қорытынды шығарады. Қаржылық талдау кезінде ұйымның төлемқабілеттілігі, несие қабілеті, ұйым балансының өтімділік қабілеті, маржиналдық талдаулар, ақша ағымының қозғалысы, табыстылық, өнімділік сондай-ақ соңғы шетелдік тәжірибелерде қолданатын «директ костинг» жүйесін орнату арқылы да ұйымның шығындарына баға беруге болады. Қаржылық жағдайына баға бере отырып, банкроттықтың шегін анықтап, ұйымды банкроттықтан залалсыздандыру шараларын ұйымдастыру қажет.

«Оңалту және банкроттық туралы»ҚР-ның 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының (03.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) қолданысына сәйкес банкрот- заңды күшіне енген сот шешімімен дәрменсіздігі белгіленген борышкер, ал банкроттық- борышкердің сот шешімімен танылған, ұйымды тарату үшін негіз болып табылатын дәрменсіздігі [2].

Банкроттықтың алдын алу жолдары:

- ұйымның бюджеттік жоспарының мұқият құрылуы және сол бюджеттік жоспар негізінде әрекет ету;
- айналым шығындарын жасау кезінде шектен тыс артық залалға жол бермеу;
- сыртқы көздерден тартылған қарызды азайту, қаржылық талдау негізінде тартылған капиталдың меншікті капиталдан асып кетпеуін қадағалау;
- төлемді кейінгі қалдыруға жол бермеу;
- табыстылық коэффициентін арттыруға ұмтылу;
- мемлекеттік бюджетке жіберілетін салықтық және т.б. аударымдарды бақылау;
- жабдықтаушылармен және мердігерлермен жасалатын келісім-шарттарды бақылау және келісім-шартта белгіленген мерзімде міндеттемелерді уақытылы орындау;
- қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін есепке алу.

Банкроттықтың алдын алу жолдарының бірден бірегейі – банкроттықтың деңгейін анықтау, яғни, болжау. Шетел тәжірибесінде банкроттықты болжау әдісінің жеті сыныбын қарастырса, отандық тәжірибе көрсетуі бойынша үш сыныпты қарастырады.

Ұйым банкроттыққа ұшыраған жағдайда да, сот шешімімен оңалту рәсіміне өтуге рұқсат беріледі. «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР-ның 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының (03.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) қолданысына сәйкес 6 тарауының 95-1 бабында көрсетілгендей «Банкроттық рәсімінен оңалту

рәсіміне өту» туралы өтінішхатпен борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы) осы Заңның 73-бабы 1, 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін оңалту жоспарын әзірлеген жағдайда, борышкер – дара кәсіпкер, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы) банкроттықты басқарушыға әзірленген оңалту жоспарын және банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту мүмкіндігін қарау үшін кредиторлар жиналысын өткізу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқығы бар [2].

Ұйымның қаржылық жағдайын тұрақтандыру және банкроттықтың алдын алудың ең эффективті 4 бағыты бар:

- Активтердің өтімділігін арттыру;
- Капитал құрылымын оңтайландыру;
- Шығындарды есепке алу және бақылау жүйесін жақсарту;
- Пайданы барынша көбейту және рентабельділіктің өсуі [4, 188 б.].

Банкроттыққа әсер ететін факторлар да көп. Оның ішінде ел ішіндегі жағдайлар да банкроттыққа ұшырауға әсер етеді. Жаңа заң жобасы тағайындалған кезде, ұйым ол жағдайға дайын болмай қалу ықтималдылығы да бар. Сондай – ақ, пандемия кезіндегі төтенше жағдай салдарынан, әлемде көптеген ұйымдар тығырыққа тіреліп, банкроттықтың алдын-алудың амалын таппай қалған болатын. Алайда, төтенше жағдайға қарамастан қиын кезеңді басынан өткеріп, табыстылықты арттырған ұйымдар да бар. Сол кездегі Қаржы министрлігінің статистикасына сүйенсек Қазақстан Республикасында 2020 жылдың қаңтар – қыркүйек аралығында 385 қазақстандық компания банкрот болған. Оның ішінде, бес ірі кәсіпорын, 30-ы орта, 350 шағын кәсіп субъектілері. Бұл соңғы жылдардағы әлемдегі ең үлкен дағдарыс болған болатын. Бұнымен, түйетін ой банкроттықтың алдын – алуға бір ғана ұйым ішіндегі процесстер ғана емес, сыртқы процесстерде өз кезегінде әсер етеді.

Банкроттыққа ұшырамаудың тағы бір макроэкономикалық, мемлекеттік деңгейде қарастыруға ұсыныс – ол өз елімізде өндіріс индустриясын дамыту. Мысалы, салалық ерекшелік ретінде құрылыс компаниясын алып көрейік. Пандемияға дейін құрылыс еліміздің экономикасын ілгері жылжытып келе жатқан басты сектордың бірі болса, пандемия кезінде 91 құрылыс компаниясы банкроттыққа ұшырап, өз жұмысын тоқтатқан болатын. Оның себебі – экспорт бойынша құрылыстық материалдың келуінің төмендеуі және соған сәйкес құрылыстық материалдардың қымбатшылыққа ұшырауы. Яғни, шикізат көзі шетелден келетіндіктен, елдегі өндіріс индустриясын дамытуды көздеу керек.

Қорыта келе, қаржылық жағдай бұл кәсіпорынның өз қызметін қаржыландыру мүмкіндігін білдіреді. Ол кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті қаржы ресурстарының болуымен, оларды орналастырудың орындылығымен және пайдаланудың тиімділігімен, басқа заңды және жеке тұлғалармен қаржылық қатынастармен, төлем қабілеттілігімен және қаржылық тұрақтылығымен сипатталады.

Қаржылық жағдай тұрақты, тұрақсыз және дағдарыс болуы мүмкін. Кәсіпорынның төлемдерді уақытында жүзеге асыру және өз қызметін кеңейтілген негізде қаржыландыру мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының жақсы екендігін көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы оның өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріне байланысты. Өндірістік және қаржылық жоспарлар ойдағыдай орындалса, бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайына оң әсер етеді. Ал керісінше, өнім өндіру және өткізу жоспарының толық орындалмауы нәтижесінде оның өзіндік құны артады. Тұрақты қаржылық жағдай өз кезегінде өндірістік жоспарлардың орындалуына және өндірістік қажеттіліктерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге оң әсер етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Фонд международных стандартов финансовой отчетности (Фонд МСФО) и Совет по международным стандартам финансовой отчетности. [Электрондық ресурс]www.ifrs.org

2. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлікесеп пен қаржылықесептіліктуралы» № 234 Заңы
4. Берстембаева Р.К. Компанияларды қаржылық сауықтыру : оқу құралы / Р.К. Берстембаева, А.Ж. Ескалиева. - Атырау : [б. и.], 2020. - 235 б. : сур., кесте. - Библиогр.: б. 229-232.
5. Савицкая, Г. В. С13 Анализ хозяйственной деятельности : учеб. / Г. В. Савицкая. — 2-е изд., испр. и доп. — Минск: РИГТО, 2012
6. Дюсембаев, К. Ш. Анализ финансовой отчетности : учебник для экономических вузов / К. Ш. Дюсембаев. - Алматы : Экономика, 2009.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Ерниязова Азиза Рустамовна

aziza.yerniyazova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, экономика факультетінің мемлекеттік аудит мамандығының 2 курс студенті, Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қайранбеков Б.О

Заманауи жағдайда отбасы институты үлкен өзгерістерге ұшырауда. Бұл өзгерістерге – тұлғааралық қатынастардың бұзылуы, ажырасулар көлемінің ұлғаюы, және оның салдарынан толық емес отбасылар, жалғызбасты аналар немесе туған ата-анасы жоқ отбасылар көбеюде. Аталғандардың ішіндегі қазіргі әлеуметтік қоғамда аса түйткілді мәселелердің бірі – ажырасу. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген ата-бабаларымыздың сөздері елімізде белең алып жатқан жағдайдың «айнасы» секілді. Жалпы, дәстүрлі қазақ отбасында ажырасу деген мүлде жат әрекет болған. Тентегін тезге салып, ақылын айтатын ақсақалдардың, отбасындағы жөнсіз ұрыс-керісті болдырмай, үй ішіндегі берекенің ұйытқысы болатын дана тұлғалардың арқасында қазақ отбасында ажырасу деген түсінік болмаған. Этнографтардың пайымдауынша, бұл үдерістің бұзылуына бұрынғы қазақ қоғамына тарихи оқиғалар, яғни ашаршылық, қуғын-сүргін, стереотиптік ойлау әсерін тигізсе, қазіргі қоғамда сәл өзгеше көрініс орын алады. 21-ші ғасырда ажырасулардың себепкерлері болып ең алдымен – материалдық жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық, жаңа құрған отбасыда немесе бірнеше онжылдық бірге тұрған ерлі-зайыптылар арасындағы зорлық-зомбылық, махаббат пен бала-шағаның болмауы және көбінесе ер азаматтардың отбасылық жауапкершілікті сезінбеуі себеп болуда. Мұнда әлеуметтік мәселе өте өткір сезіледі. Әйелдер қауымы өз төркінен кетіп, таңдап алған жарымен отбасы құруға дайын болады. Бірақ, еліміздегі қазіргі отбасылардың жағдайын қарағанда ерлер қауымы көбінесе бұл мәселеге жеңіл-желпі қарайды. Бұл моральдық тұрғыдан әйелдерге қиын болып, біреулері жылдар бойы бұл қарым-қатынасқа шыдаса, біреулері тіпті өз өмірі мен психикасын аман сақтап қалу үшін ажырасады. Яғни бұл нәрсе жастардың үйленбей жатып ажырасуына біріншіден отбасындағы тәрбиенің ролі көп. Себебі, халқымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген тамаша сөздер бар. Ұл болсын, қыз болсын ата-анасынан көргенін бойына сіңіреді. Отбасында әке-шешесінің жанжалын, ұрыс-керісін көріп өскен ұл-қыз өзі шаңырақ көтергенде де соны қайталайды.[1] Бала үшін ата-анадан артық үлгі, ата-анадан асқан биік тұлға жоқ. Өкінішке орай, мұны ересек адамдар жиі естерінен шығарады. Келесі кестеде Қазақстан Республикасының тіркелген ажырасулар саны туралы ақпарат берілген.

Кесте-1. Қазақстан Республикасының тіркелген ажырасулар саны

№ р/с	Аумақтар	2020 ж	2021 ж	2022 ж	Ауытқуы		Ауытқуы	
					2022/2020	%	2022/2021	%